Ғылым бар жерде - жеңіс бар!
Победа там - где наука!
Victory is where science is!

ISSN 2958-5694 (Print)
ISSN 2958-5708 (Online)

Ғылыми-білім беру журналы
Научно-образовательный журнал
Scientific and educational journal

Ұлттық Ұлан Академиясының
ХАБАРШЫСЫ

№3 (61) 2026

ВЕСТНИК
Академии Национальной
гвардии Республики Казахстан

BULLETIN
of the National Guard
of the Republic of Kazakhstan

КОКСНВО

Журнал 2011 жылдан шыға бастады Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы академиясының басылымы Бас редакторы полковник А.Қ. Тоқышев

Ғылыми-білім беру журналы «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы академиясының ХАБАРШЫСЫ» – «ВЕСТНИК Академии Национальной гвардии Республики Казахстан» Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпараттандыру комитетінде тіркелген, 28 қазан 2022 ж. № KZ73VPY00058079 куәлігі.

Журнал ҚР ҒжЖБМ ҒжЖБССҚК әскери іс және қауіпсіздік бойынша негізгі қорытындыларды жариялауға, ұсынған ғылыми басылым

(2023 жылғы 28 сәуірдегі № 188 бұйрығы)

Редакцияның мекен-жайы мен телефоны: 150009, Петропавл қаласы, Ж. Қизатов к., 6. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының академиясы.

Әскери-ғылыми орталығы Телефон: (8 7152) 50-78-88, Тел./факс: (8 7152) 50-74-83; E-mail: Vestnik@ang.edu.kz

Журнал жылына 4 рет шығарылады

Мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді

Журнал издается с 2011 года Издание Академии Национальной гвардии Республики Казахстан

Главный редактор полковник Токушев А.К.

Научно-образовательный журнал «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы академиясының ХАБАРШЫСЫ» – «ВЕСТНИК Академии Национальной гвардии Республики Казахстан» зарегистрирован в Комитете информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан, свидетельство № KZ73VPY00058079 от 28 октября 2022 г.

Журнал рекомендован КОКСНиВО МНиВО РК для публикации основных результатов по военному делу и безопасности (Приказ № 188 от 28 апреля 2023 года)

Адрес и телефон редакции: 150009, г. Петропавловск, ул. Ж. Кизатова, 6, Академия Национальной гвардии Республики Казахстан.

Военно-научный центр. Телефон: (8 7152) 50-78-88, Тел./факс: (8 7152) 50-74-83; E-mail: Vestnik@ang.edu.kz

Журнал выходит 4 раза в год

Мнения авторов не отражают точку зрения редакции

The magazine has been published since 2011. Publication of the Academy of the National Guard of the Republic of Kazakhstan Editor-in-chief Colonel Tokushev A.K.

The scientific and educational journal "Kazakhstan Republikasy Ultty Ultans akademiyasyny KHABARSHYSY" - "BULLETIN of the Academy of the National Guard of the Republic of Kazakhstan" is registered with the Information Committee of the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan, certificate No. KZ73VPY00058079 of October 28, 2022

The journal is recommended by KOKSNiVO MNiVO RK for the publication of the main results on military affairs and security (Order No. 188 of April 28, 2023)

Address and telephone number of the editorial office: 150009, Petropavlovsk, st. Zh. Kizatova, 6, Academy of the National Guard of the Republic of Kazakhstan.

Military Science Center. Telephone: (8 7152) 50-78-88, Tel./Fax: (8 7152) 50-74-83; E-mail:
Vestnik@ang.edu.kz
The magazine is published 4 times a year
Authors' opinions do not reflect the opinion of the editors

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ
EDITORIAL BOARD

Бас редакторлар / Главные редакторы / Chief editors

Тоқышев Артур Қалиақпарұлы, *магистр*
Токушев Артур Калиакпарович, *магистр*
Tokushev Artur Kaliakparovich, *master*

Бас редактордың орынбасарлары / Заместители главного редактора / Deputy chief editors

Альназиров Руслан Бейсекұлы, *философия (PhD) докторы*
Альназиров Руслан Бейсекович, *доктор философии (PhD)*
Alnazirov Ruslan Beisekovich, *Doctor of philosophy (PhD)*

Ғылыми редакторлар / Научные редакторы / Scientific editors

Иманов Амангелді Қалкенұлы, *педагогика ғылымдарының кандидаты*
Иманов Амангельды Калкенович, *кандидат педагогических наук*
Imanov Amangeldy Kalkenovich, *Candidate of Pedagogical Sciences*

Редакциялық алқа / Редакционная коллегия / Editorial board

Ахметов Жумабек Хатиоллаевич, *әскери ғылымдар докторы*
Ахметов Жумабек Хатиоллаевич, *доктор военных наук*
Akhmetov Zhumabek Khatiollaevich, *Doctor of Military Sciences*

Корабельников Александр Андреевич, *әскери ғылымдар докторы*
Корабельников Александр Андреевич, *доктор военных наук*
Korabelnikov Alexander Andreevich, *Doctor of Military Sciences*

Булойчик Василий Михайлович, *техника ғылымдарының докторы*
Булойчик Василий Михайлович, *доктор технических наук*
Buloychik Vasily Mikhailovich, *Doctor of Technical Sciences*

Рустамбаев Мирзаюсуп Хакимович, *заң ғылымдарының докторы*
Рустамбаев Мирзаюсуп Хакимович, *доктор юридических наук*
Rustambaev Mirzayusup Khakimovich, *Doctor of Law*

Серкпаев Мухтар Омирсерикович, *тарих ғылымдарының докторы*
Серкпаев Мухтар Омирсерикович, *доктор исторических наук*
Serkpaev Mukhtar Omirserikovich, *Doctor of Historical Sciences*

Петрусевич Аркадий Аркадьевич, *педагогика ғылымдарының докторы*
Петрусевич Аркадий Аркадьевич, *доктор педагогических наук*

Arkady Arkadyevich Petrusevich, *Doctor of Education*

Мырзалинова Алма Жәкімқызы, *педагогика ғылымдарының докторы*
Мурзалинова Алма Жакимовна, *доктор педагогических наук*
Murzalinova Alma Zhakimovna, *Doctor of Education*

Махмудов Розмет Муратович, *педагогика ғылымдарының докторы*
Махмудов Розмет Муратович, *доктор педагогических наук*
Makhmudov Rozmet Muratovich, *Doctor of Pedagogical Sciences*

Василевский Валерий Борисович, *әскери ғылымдарының кандидаты*
Василевский Валерий Борисович, *кандидат военных наук*
Vasilevsky Valery Borisovich, *Candidate of Military Sciences*

Әбжанов Бауыржан Садықұлы, *философия (PhD) докторы*
Абжанов Бауржан Садыкович, *доктор философии (PhD)*
Abzhanov Baurzhan Sadykovich, *Doctor of Philosophy (PhD)*

Батыров Марат Ескенұлы, *педагогика ғылымдарының кандидаты*
Батыров Марат Ескенович , *кандидат педагогических наук*
Batyrov Marat Eskenovich, *Candidate of Pedagogical Sciences*

Плешаков Анатолий Андреевич , *тарих ғылымдарының кандидаты*
Плешаков Анатолий Андреевич , *кандидат исторических наук*
Anatoly Andreevich Pleshakov, *Candidate of Historical Sciences*

Сартаев Жанбатыр Нұртайұлы, *медицина ғылымдарының докторы*
Сартаев Жанбатыр Нуртаевич , *доктор медицинских наук*
Sartaev Zhanbatyr Nurtaevich, *Doctor of Medical Sciences*

Корнилов Александр Александрович, *әскери ғылымдарының кандидаты*
Корнилов Александр Александрович, *кандидат военных наук*
Kornilov Alexander Alexandrovich, *candidate of military sciences*

Бектұрсынов Нұрбай Кеңесбекұлы, *философия (PhD) докторы*
Бектурсунов Нурбай Кенесбекович, *доктор философии (PhD)*
Bektursunov Nurbay Kenesbekovich, *Doctor of Philosophy (PhD)*

Алтынбеков Денис Шамильевич, *философия (PhD) докторы*
Алтынбеков Денис Шамильевич, *доктор философии (PhD)*
Altynbekov Denis Shamilievich, *Doctor of philosophy (PhD)*

Әбілмәжінов Алмаз Айтжанұлы , *философия (PhD) докторы*
Абильмажинов Алмаз Айтжанович , *доктор философии (PhD)*
Almaz Aitzhanovich Abilmazhinov, *Doctor of philosophy (PhD)*

Саркенқызы Ақмарал, *филология ғылымдарының кандидаты*
Саркенқызы Ақмарал, *кандидат филологических наук*
Sarkenқyzy Ақmaral, *Candidate of Philology*

Әлжанова Раушан Сайранқызы, *тарих ғылымдарының кандидаты*
Альжанова Раушан Сайрановна, *кандидат исторических наук*
Alzhanova Raushan Sairanovna, *Candidate of Historical Sciences*

Анцибор Елена Сергеевна, *магистр, оқытушы-зерттеуші*
Анцибор Елена Сергеевна, *магистр, преподаватель-исследователь*
Antsibor Elena Sergeevna, *research teacher, master*

Техникалық редактор / Технический редактор / Technical editor

Ағатаева Дана Серікқызы, *магистр*
Агатаева Дана Сериковна, *магистр*
Agataeva Dana Serikovna, *master*

Жауапты хатшы / Ответственный секретарь / Responsible secretary

Атығаев Жомарт Айтқұлұлы, *магистр*
Атыгаев Жомарт Айткулович, *магистр*
Atygaev Zhomart Aitkulovich, *master*

Жауапты менеджер / Ответственный за выпуск / Responsible manager

Усеинов Мейрбек Мамбетович, *магистр*
Усеинов Мейрбек Мамбетович, *магистр*
Usseinov Meirbek Mambetovich, *master*

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / TABLE OF CONTENTS

ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ТЕОРИЯСЫ
ТЕОРИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ
THEORY OF NATIONAL SECURITY

АБЖАНОВ Б. С. Методологические основы адаптивного противодействия террористическим угрозам в условиях цифровизации и гибридного противоборства 14

АКИМБАЕВ Е. Ж., АСИЛОВ Н. Т., ОДНОВОРЧЕНКО Д. М., ТЛЕГЕНОВ К. Н., СЕМЧЕНКО А. Г. Совершенствование учебно-материальной базы допризывной подготовки в контексте обеспечения национальной безопасности 22

АКЫЖАНОВ Р. Ж., ЯКУБОВ Р. А., КАБЫЛБЕКОВ Б. О. Роль и место национальной гвардии в противодействии современным угрозам национальной безопасности государства 35

БЕНКЕ А. А. Этические и правовые основы применения силы подразделениями Национальной гвардии Республики Казахстан: принципы соразмерности и необходимости 49

ЕРИНБЕТОВА Л. К., САТАНОВА Л. М., МАДАЛИЕВ Т. П., РЮСТЕМОВА Ж. А. Шет елдердегі қылмыстық жазалар мен балама ықпал ету шараларын салыстырмалы құқықтық зерттеу 57

ИСКАКОВ А. М. Анализ наиболее вероятных угроз национальной безопасности Республики Казахстан в современных условиях 69

КОЙШИГАРИНА Г. М., МҰҚЫШЕВ А. А. Таяу шығыс геосаясатындағы ормуз бұғазы әскери-стратегиялық маңызы туралы мәселеге 78

MATYSHEVA A. M. Establishing criminal liability for spiking: problems and prospects of legal regulation 86

МЕНДЫБАЕВА С. А., БЕНКЕ А. А. Қазақстан Республикасының жаңа конституциясы преамбуласындағы адам құқықтары мен «Әділетті Қазақстан» қағидаларының құқықтық-философиялық негіздері 97

МЫРЗАГУЛОВ Н. М., САРСЕНБАЕВА Б. Б. Оперативно-тактическая модель противодействия незаконному обороту оружия в Республике Казахстан: доказательственная цепочка, процессуальные фильтры и сетевой подход 106

СЕКЕНОВ Д. А., СЫЗДЫКОВ А. Ж., МУКАНОВ Д. Ж. Правовые механизмы противодействия экстремизму и терроризму в Казахстане: системные риски и приоритеты совершенствования 123

ТУГЕЛБАЕВ У. Е., ЖУМАТАЕВ А. Н., СМЕТОВ К. Т. Возможности использования искусственного интеллекта в правоохранительной деятельности по противодействию финансовой преступности и преступлениям, совершаемым с использованием криптовалют 131

ШАПАШЕВ М. А., АЛЬНАЗИРОВ Р. Б., КЕНЖЕБАЕВА А. М., НУРСЕИТОВ Н. Г. Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартты ұйымдастыру форматындағы әскери-техникалық ынтымақтастықтың мазмұны және мағынасы 140

ШИДЕМОВ А. Г., МАТЫШОВА А. М. Педофильный инцест как угроза национальной безопасности: уголовно-правовые и криминологические аспекты противодействия в Республике Казахстан 151

ТАРИХ. ТАКТИКА ЖӘНЕ ЖЕДЕЛ ӨНЕР
ИСТОРИЯ. ТАКТИКА И ОПЕРАТИВНОЕ ИСКУССТВО
HISTORY. TACTICS AND OPERATIONAL ART

АБДЫКУЛОВ А. А., КОЙЧЫКУЛОВ К. Ж., БАТАЛЫГИН И. А., ФЕДОСЕЕНКО К. В. Особенности тактических действий траншейной войны 163

АБИЛЬМАЖИНОВ А. А., АВЕНОВ Т. К., САРЖАНОВ К. Ж. Теоретические положения и практические рекомендации в теорию тактики национальной гвардии по вопросам управления, взаимодействия и всестороннего обеспечения 168

АЛЬЖАНОВА Р. С., МЕЙРАМОВА А. Б. Система лагерного питания в КАРЛАГЕ: нормативные предписания и практика их нарушения (по документам НКВД) 176

БАЙМАНОВ А. А. Әскери саладағы сыбайлас жемқорлықтың Генезисі мен дамуы: тарихи талдау 190

БЕЙСЕНОВ Е. А., УСЕИНОВ М. М. Философский анализ применения сил и средств Национальной гвардии Республики Казахстан при массовых беспорядках в условиях современных гибридных угроз 199

БЕКТУРСУНОВ Н. К. Опыт и практика применения иностранных войск и специальных подразделений в спецоперации 207

ДАРКЕЕВ Е. К., КАБЖАПАРОВ Б. У. Особенности тактики действий боевого разведывательного дозора в наступлении 217

ЖАМПЕИСОВ Г. Н., АБДЫКАЛЫКОВ А. Т., ИСКАКОВ А. М. Концептуальная модель пункта управления бригады Национальной гвардии Республики Казахстан в условиях современных угроз 224

КАБЖАПАРОВ Б. У. Современные подходы к ведению оборонительного боя общевойсковым подразделением 239

КОЖАГУЛОВ Н. С. Теория и практика применения военных карт 249

КУЛЬБАЕВ Ж. Ж. Внедрение и использование средств визуализации при подготовке и несении службы по охране объектов уголовно-исполнительной системы с личным составом караулов 255

КУПТИКБАЕВ Д. К. О сущности боевой мощи вооруженных сил 266

МЕЙРБЕКОВ Е. Н., НУРТАЕВ М. К., КАДИРКУЛОВ Ш. К. Современные вооруженные конфликты, их сущность и факторы возникновения 279

МОЛДАБЕКОВА Ж. А., СЕРКПАЕВ М. О. Байжігіт Жантеліұлы — тархан рода Атығай: военный предводитель и казахско-российские взаимоотношения в Северном Казахстане (1740–1760-е гг.) 286

ТОКУШЕВ А. К. Концептуальная модель органа управления временной оперативной группировки регионального командования Национальной гвардии при противодействии захвату или блокаде отдельной местности (объектов) деструктивными силами 294

ҚАБЫЛБЕКОВ Б. О. Жиынтық тактикалық топ ұғымының анықтамасын нақтылау мәселелері 306

ТЕХНИКА ЖӘНЕ ҚАРУ-ЖАРАҚ. ӘСКЕРИ ТЫЛ
ТЕХНИКА И ВООРУЖЕНИЕ. ВОЙСКОВОЙ ТЫЛ
TECHNIQUE AND ARMAMENT. MILITARY LOGISTICS

ГАЛИЕВ В. Н., ШАЯХМЕТОВ К. С., АХМЕТЖАНОВ А. С., ГАБДУЛЛИН А. А. Особенности планирования работы автобронетанковой службы в подразделениях оперативного назначения Национальной гвардии Республики Казахстан 314

КАДИРКУЛОВ Ш. К., ОСПАНОВ Ж. С., БЕКМУРЗАЕВ Б. Ж., АХМЕДОВ Д. Ш., АНЕТБАЕВ А. А. Расчеты электрических параметров БПЛА квадрокоптерного типа на кабеле- тросе 322

КЛИМОВ Э. В., ЭЧИН В. Е., БРАЛИНОВ А. А. Роль и место средств радиолокационного обнаружения в системе инженерно-технического оборудования охраны казахстанской части акватории каспийского моря 334

КАЗКЕЕВ Б. М., САРЖАНОВ К. Ж., БАЙБУСИНОВ М. Н. Снабжение подразделений территориальной обороны в условиях начального периода вооруженного конфликта: анализ украинского опыта и предложения для системы территориальной обороны Республики Казахстан 346

КОРАБАЕВ Ж. А., ГРОСКОП Р. В. В вопросах дополнения имеющейся классификации новыми классификационными признаками современных средств диагностирования систем бронетанкового вооружения 358

САЙФУДИНОВ Р. К., НИКИТЕНКО Д. В. Совершенствование методики подготовки стрелка-автоматчика 364

ТЛЕУЖАНОВ Б. М., КУЛЬБАЕВ Ж. Ж. Маныздымемлекеттік объектілерді күзету үшін қолданылатын инженерлік-техникалық күзету құралдарының ерекшеліктері 370

ШАЯХМЕТОВ К. С., ГАЛИЕВ В. Н., МАКИН А. М., ПОПОВСКИЙ С. А., МИНЧЕНКО Л. А. Роль технической разведки в техническом обеспечении во время военного конфликта в Нагорном Карабахе 376

БІЛІМ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ
ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА ОБРАЗОВАНИЯ И ВОСПИТАНИЯ
THEORY AND METHODOLOGY OF EDUCATION AND UPBRINGING

АЛЬНАЗИРОВ Р. Б., АКИМБАЕВ Е. Ж., ШАПАШЕВ М. А., АЛТЫНБЕКОВ Д. Ш., КЕНЖЕБАЕВА А. М. Научно-технологическая платформа как эффективность повышения инновационной деятельности научно-исследовательских работ в высшем военном учебном заведении 383

АТЫГАЕВ Ж. А. Теоретико-методологические основы научно-методического сопровождения преподавателей в условиях цифровой трансформации высшего военного образования 400

БАЛТАБЕКОВ А. С., ИМИРОВ С. К. Правовая культура и правосознание офицера национальной гвардии в архитектонике современного государства: теоретико-прикладной аспект 409

БЕЛЯЛОВ Р. Д. Теоретическая модель и формула интегральной оценки дисциплинированности военнослужащих национальной гвардии республики казахстан 416

ГРИШМАНОВ Р. В., ЗЕРНОВ Д. Ю., НУСУПОВ М. Т., МУЛЬДИНОВ Р. Т. Организационно-педагогические условия формирования у курсантов навыков оперативного реагирования в процессе физической подготовки 426

ДАКЕНОВ К. М., МУХАМЕТЖАНОВ А. М., КОРОСТЕЛЕВА Н. А. Оценка психологической и психофизиологической готовности курсантов к действиям в чрезвычайных ситуациях 434

ЕГОРОВ В. С., ХАСЕНОВ К. А. Научно-методические основы развития системы обучения тактике служебно-боевого применения курсантов академии Национальной гвардии Республики Казахстан 444

ЕЛЬЖАНОВ Д. Ш., ФАЙЗУЛИН А. К., КАРАЕВ У. Т., НУРГОЖАНОВА А. С. Әскери қызметшілердің дене дамуы мен еңбек өтімін арттыру теориясы мен практикасы 450

ИМАЖАНОВА Г. С. Ішкі істер органдарындағы тәрбие процесі қызметкерлердің құқыққа қайшы мінез-құлқының алдын алу факторы ретінде 459

ИМАНОВ А. К. Трансформация методов тактико-специальной подготовки подразделений в условиях цифровизации военного образования 467

ЛОГВИНЕНКО Д. В., АТЫГАЕВ Ж. А. Состояние и тенденции развития научно-методического сопровождения педагогических кадров в технологически насыщенной образовательной среде военного вуза 479

МОЛДАЗЫМ Н. М., ИСАБЕКОВ М. К., КЕУЕНОВ К. Т. Международные подходы к формированию профессиональных компетенций сотрудников органов государственного контроля в условиях цифровизации автомобильных пунктов пропуска 491

МУЛЬДИНОВ Р. Т., ГРИШМАНОВ Р. В., АРЖАКОВ В. В., МУЛЬДИНОВА Э. С. Іссапарлар кезеңінде шектеулі қозғалыс белсенділігі жағдайында рекреациялық жаттығуларды қалыптастыру әдістемесі 506

МУХАМЕТЖАНОВ А. М., КАБАКОВ Н. Д., АТИШЕВ М. М., ДАКЕНОВ К. М. Психофизиологические механизмы адаптации курсантов национальной гвардии республики казахстан к повышенной учебно-служебной нагрузке 513

НУЖИН А. В. Интеллектуальные обучающие системы на основе нейросетей в подготовке курсантов продовольственного обеспечения 521

НУСУПОВ М. Т. Исследования антропометрических показателей, двигательной подготовленности и их важности в борьбе дзюдо 528

СИДИКОВ Б. С., ИМИРОВ С. К. Цифровизация управления воспитательной и идеологической работой в боевой обстановке 535

ТАЛАСОВ М. К., АКБЕРГЕН А. , АСИЛОВ Н. Т. Система дисциплинарных мер в отношении военнослужащих: опыт вооружённых сил турции 545

ТУРТАЕВ А. К. Профилактика профессионального выгорания у военнослужащих Национальной гвардии Республики Казахстан: современное состояние и практические решения 558

ТУРУНТАЕВА А. А., САРСЕКОВ Б. С. Әскери құқық пен тәртіптің түсінігі мен қызметтерін құқықтық талдаудың өзектілігі 566

ТЕЛЕУЖАНОВ С. К., АЛДИЯРОВ Е. Т., КАЛИЕВ Б. А. Әскери қызметшілердің жеке өмірі қылмыстық-құқықтық қорғаудың объектісі ретінде 576

ӘОЖ: 343.352.3
ҒТАМР: 78.09.02

БАЙМАНОВ А.А.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорғаныс университеті,Астана қ., Қазақстан Республикасы

ӘСКЕРИ САЛАДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ГЕНЕЗИСІ МЕН ДАМУЫ: ТАРИХИ ТАЛДАУ

Андатпа. Мақала мемлекеттердің әскери тарихындағы сыбайлас жемқорлықты тұрақты әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде кешенді талдауға арналған. Жұмыста ежелгі өркениеттерден бастап XX ғасырдың екінші жартысындағы қарулы қақтығыстарға дейін сыбайлас жемқорлық формаларының эволюциясы қарастырылады. Әскери саладағы сыбайлас жемқорлықтың әскери қолбасшыларды сатып алу, қызметтерді сату, жабдықтау жүйесіндегі заңсыз әрекеттер, ресурстарды жымқыру және көлеңкелі экономиканың дамуы түрінде көрініс табатыны анықталды. Қарулы қақтығыстар ауқымы мен сыбайлас жемқорлық деңгейі арасындағы өзара байланыс негізделді. Зерттеудің ғылыми жаңалығы сыбайлас жемқорлықтың тарихи формаларын жүйелеу және оның қарулы күштердің тиімділігі мен мемлекеттік институттардың тұрақтылығына әсерін анықтауда көрінеді.

Түйінді сөздер: сыбайлас жемқорлық, әскери тарих, қарулы қақтығыстар, пара беру, әскери басқару, мемлекеттік билік, әскерді қамтамасыз ету, қызметтік өкілеттікті теріс пайдалану, ұлттық қауіпсіздік.

БАЙМАНОВ А.А.

Национальный университет обороны Республики Казахстан, г. Астана, Республика Казахстан

БОРЬБА С КОРРУПЦИЕЙ В ВОЕННОЙ ГЕНЕЗИС И РАЗВИТИЕ: ИСТОРИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Аннотация. Статья посвящена комплексному анализу коррупции как устойчивого социально-политического явления в военной истории государств. В работе рассматривается эволюция форм коррупции от древних цивилизаций до вооруженных конфликтов второй половины XX века. Установлено, что коррупция в военной сфере проявляется в приобретении военачальников, продаже услуг, незаконных действиях в системе снабжения, хищении ресурсов и развитии теневой экономики. Основывалась взаимосвязь между масштабами вооруженных конфликтов и уровнем коррупции. Научная новизна исследования проявляется в систематизации исторических форм коррупции и определении ее влияния на эффективность вооруженных сил и стабильность государственных институтов.

Ключевые слова: коррупция, военная история, вооруженные конфликты, дача взятки, военное управление, государственная власть, обеспечение войск, злоупотребление служебными полномочиями, национальная безопасность.

BAYMANOV A.A.

National Defense University of the Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan

FIGHTING CORRUPTION IN THE MILITARY GENESIS AND DEVELOPMENT: A HISTORICAL ANALYSIS

Annotation*.* The article is devoted to a comprehensive analysis of corruption as a stable socio-political phenomenon in the military history of states. The work examines the evolution of forms of corruption from ancient civilizations to armed conflicts in the second half of the 20th century. It has been established that corruption in the military sphere manifests itself in the acquisition of military leaders, the sale of services, illegal actions in the supply system, theft of resources and the development of a shadow economy. The relationship between the scale of armed conflicts and the level of corruption was based. The scientific novelty of the study is manifested in the systematization of historical forms of corruption and the determination of its impact on the effectiveness of the armed forces and the stability of state institutions.

Keywords*:* corruption, military history, armed conflicts, bribery, military administration, state power, provision of troops, abuse of office, national security.

Мақала мемлекеттердің әскери тарихындағы сыбайлас жемқорлықты тұрақты әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде кешенді талдауға арналған. Жұмыста ежелгі өркениеттерден бастап XX ғасырдың екінші жартысындағы қарулы қақтығыстарға дейін сыбайлас жемқорлық формаларының эволюциясы қарастырылады. Әскери саладағы сыбайлас жемқорлықтың әскери қолбасшыларды сатып алу, қызметтерді сату, жабдықтау жүйесіндегі заңсыз әрекеттер, ресурстарды жымқыру және көлеңкелі экономиканың дамуы түрінде көрініс табатыны анықталды. Қарулы қақтығыстар ауқымы мен сыбайлас жемқорлық деңгейі арасындағы өзара байланыс негізделді. Зерттеудің ғылыми жаңалығы сыбайлас жемқорлықтың тарихи формаларын жүйелеу және оның қарулы күштердің тиімділігі мен мемлекеттік институттардың тұрақтылығына әсерін анықтауда көрінеді.

Түйінді сөздер:*сыбайлас жемқорлық, әскери тарих, қарулы қақтығыстар, пара беру, әскери басқару, мемлекеттік билік, әскерді қамтамасыз ету, қызметтік өкілеттікті теріс пайдалану, ұлттық қауіпсіздік.*

*Кіріспе.*Сыбайлас жемқорлық мемлекеттіліктің бүкіл адамзат тарихы бойындағы дамуымен қатар жүретін күрделі әрі тарихи тұрғыдан өзгермелі әлеуметтік құбылыс болып табылады. Оның пайда болуы жария билік, әкімшілік басқару және ресурстарды бөлу институттарының қалыптасуымен тығыз байланысты. Мемлекеттік аппараттың күрделене түсуіне қарай сыбайлас жемқорлық көріністерінің нысандары мен ауқымы өзгеріп отырды, алайда мәселенің мәні – билік өкілеттіктерін жеке мүдде үшін пайдалану – өзгеріссіз қалды.

Сыбайлас жемқорлық әскери салада ерекше маңызға ие болады, өйткені бұл саладағы теріс пайдаланушылықтар мемлекеттің қорғаныс қабілетіне тікелей әсер етуі мүмкін. Жабдықтау жүйесіндегі бұзушылықтар, әскери қолбасшыларды сатып алу, ресурстарды мақсатсыз пайдалану және шешім қабылдау үдерісіндегі теріс

пайдаланушылықтар Қарулы Күштердің тиімділігінің төмендеу қаупін туындатады және қарулы қақтығыстардың нәтижесіне ықпал етуі мүмкін. Осыған байланысты әскери саладағы сыбайлас жемқорлықтың тарихи генезисін талдау әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан тек теориялық қана емес, сонымен қатар қолданбалы мәнге де ие.

Зерттеудің мақсаты – мемлекеттердің әскери тарихындағы сыбайлас жемқорлық практикаларының пайда болу, даму және трансформациялану заңдылықтарын айқындау.

Зерттеудің әдіснамалық негізін ғылыми танымның жалпы ғылыми және арнайы әдістері құрайды. Зерттеу барысында жүйелі, салыстырмалы-құқықтық және тарихи-құқықтық әдістер, сондай-ақ ғылыми ақпаратты талдау және синтездеу әдістері пайдаланылды. Зерттеудің эмпирикалық негізін отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми жарияланымдары құрады.

Мәселенің қойылуы. Сыбайлас жемқорлыққа арналған ғылыми зерттеулердің саны едәуір болғанына қарамастан, оның әскери саладағы көріністері бірыңғай тарихи-талдамалық тәсіл шеңберінде жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Ғылыми әдебиетте сыбайлас жемқорлықтың құқықтық және экономикалық түсіндірмелері басым болып келеді, ал оның Қарулы Күштердің дамуына әсері және қарулы қақтығыстардың барысына ықпалы фрагментарлы түрде қарастырылады.

Әскери басқарудың жоғары тиімділігін қамтамасыз етудің объективті қажеттілігі мен қарулы қақтығыстар жағдайында сыбайлас жемқорлық практикаларының орнықты түрде қайта өндірілуі арасында қайшылық туындайды. Бұл қайшылық сыбайлас жемқорлықты армия мен жалпы мемлекеттің қызмет етуіне ықпал ететін жүйелі фактор ретінде кешенді пайымдауды талап етеді.

Негізгі бөлім. Тарихи талдау сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттердің әскери ұйымының дамуымен ежелгі дәуірлерден бастап қатар жүргенін көрсетеді. Ежелгі Шығыс мемлекеттерінің өзінде-ақ ресурстарды бөлуге және әскери іс-шараларды ұйымдастыруға жауапты шенеуніктер мен лауазымды адамдар тарапынан жасалған теріс пайдаланушылықтар тіркелген [1]. Шумердің қала-мемлекеттерінде, атап айтқанда Лагашта, салық жинаушылар мен әкімшілік өкілдерінің теріс пайдаланушылықтары жүйелі сипатта болды, бұл билік өктемдігін шектеуге бағытталған реформаларды жүргізу қажеттілігіне алып келді [2]. Бұл үдерістер сыбайлас жемқорлыққа байланысты қатерлердің, соның ішінде әскери ұйым үшін де, ерте кезеңдерден-ақ түсініле бастағанын дәлелдейді.

Антикалық мемлекеттерде сыбайлас жемқорлық неғұрлым айқын нысандарға ие болды, соның ішінде қолбасшыларды сатып алу және қарсыластың әскери әлеуетін әлсірету үшін дипломатиялық құралдарды пайдалану кең тарады. Ежелгі Грекияда

жеке пайдаға негізделген саяси және әскери сатқындық жағдайлары белгілі болса, Рим республикасы мен империясында әскери қолбасшылар мен провинциялар наместниктері арасындағы теріс пайдаланушылықтар, соның ішінде әскери олжаны иемдену мен лауазымдарды сату кең өріс алды [3]. Мұндай практикалар әскердегі тәртіпке және әскерді басқарудың тиімділігіне кері әсер етті.

Орта ғасырлар кезеңінде сыбайлас жемқорлық көріністері әскери саясаттың маңызды элементіне айналды. Гарнизондарды сатып алу, қарсыласпен жасырын келіссөздер жүргізу және әскерді жабдықтау жүйесіндегі теріс пайдаланушылықтар үздіксіз әскери қақтығыстар жағдайында кеңінен қолданылды. Бұған қатысушылардың қаржылық мүдделері стратегиялық мақсаттардың өзгеруіне және Константинопольдің басып алынуына алып келген Төртінші крест жорығы айрықша мысал бола алады [4]. Осы кезеңде сыбайлас жемқорлық қосалқы құбылыс қана емес, сонымен бірге соғыс жүргізудің құралына айналды.

Моңғол империясының әскери тарихында да пара беру мен дипломатиялық айла-шарғыларды пайдалану жағдайлары кездескен. Моңғол билеушілері жергілікті билеушілер мен әскери қолбасшыларды өз жағына тартуға ұмтылып, оларға билігі мен артықшылықтарын сақтап қалуды ерікті түрде бағынуының өтеуі ретінде ұсынған. Мұндай саясат жаулап алу үдерісін едәуір жеделдетуге және әскери жорықтар кезіндегі шығындарды азайтуға мүмкіндік берді [5].

Жаңа заманға өту және тұрақты армиялардың қалыптасуы барысында сыбайлас жемқорлық институционалданған сипатқа ие болды. Әскери шығыстардың өсуі, жабдықтау жүйесінің күрделенуі және әскери-өнеркәсіптік инфрақұрылымның дамуы әскери келісімшарттар мен жеткізілімдер саласындағы теріс пайдаланушылықтардың таралуына жағдай жасады. Еуропа мемлекеттерінде әскери лауазымдарды сату практикасы кең таралып, бұл офицерлік корпустың кәсіби деңгейінің төмендеуіне алып келді. Ал отарлық соғыстарда жергілікті элитаны сатып алу әскери және саяси мақсаттарға жетудің маңызды құралына айналды, бұл, әсіресе, Ұлыбританияның Үндістандағы экспансиясы барысында айқын көрінді [6].

XX ғасырдың басында әскери саладағы сыбайлас жемқорлық жаңа деңгейге көтерілді, бұл индустрияландырумен, қарулы қақтығыстар ауқымының ұлғаюымен және мемлекеттің әскери шығыстарының артуымен байланысты болды. Орыс-жапон соғысы барысында шенеуніктер мен жеткізушілер арасындағы теріс пайдаланушылықтардан туындаған армияны жабдықтау жүйесіндегі елеулі проблемалар анықталды [7]. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында сыбайлас жемқорлық практикалары әскери сатып алуларды, ресурстарды бөлуді және қару-жарақ өндірісін ұйымдастыруды қамтитын жүйелі құбылысқа айналды [8].

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында сыбайлас жемқорлық ерекше ауқымға ие болды, өйткені ресурстарды жаппай жұмылдыру және мемлекеттік органдар өкілеттіктерінің кеңеюі теріс пайдаланушылықтарға қолайлы жағдай жасады. Сыбайлас жемқорлық практикалары барлық деңгейде көрініс тапты: жоғары әскери басшылықты саяси жолмен сатып алудан бастап, көлеңкелі экономиканың және қара нарықтың жаппай дамуына дейін. Әртүрлі елдерде әскери келісімшарттар құнын негізсіз өсіру, сапасыз өнім жеткізу және ресурстарды жымқыру жағдайлары тіркелді. Сонымен бірге трофейлік мүлік пен оккупацияланған аумақтардың ресурстарын бөлу жүйесінде тұрақты сыбайлас жемқорлық тетіктері қалыптасты.

XX ғасырдың екінші жартысында, қырғи-қабақ соғыс жағдайында, сыбайлас жемқорлық жергілікті қарулы қақтығыстардың маңызды факторына айналды. Ауқымды әскери көмек бағдарламалары, қару-жарақ жеткізілімдері және сыртқы акторлардың қатысуы ресурстарды жымқыруға, қаруды заңсыз сатуға және әскери әкімшіліктердегі теріс пайдаланушылықтарға жағдай жасады. Корея, Вьетнам және Ауғанстандағы соғыстарда сыбайлас жемқорлық практикалары мемлекеттік институттардың тиімділігін едәуір әлсіретіп, Қарулы Күштердің жауынгерлік қабілетін төмендетті [9]. Сонымен қатар ресурстарды, гуманитарлық көмекті және әскери мүлікті заңсыз саудалауды қамтитын көлеңкелі экономика дамыды.

Жүргізілген талдау әскери саладағы сыбайлас жемқорлықтың жекелеген теріс пайдалану нысандарынан мемлекеттік және әскери басқару жүйесіне кіріктірілген күрделі институционалданған тетіктерге дейін эволюцияланатыны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық практикаларының сипаты мен ауқымы мемлекеттік институттардың даму деңгейіне, жұмылдырылатын ресурстар көлеміне және қоғам мен мемлекет тарапынан жасалатын бақылау дәрежесіне тікелей тәуелді болады (1-кесте).

1-кесте — Мемлекеттердің әскери тарихындағы сыбайлас жемқорлық практикаларының эволюциясы

Тарихи кезең	Әскери қақтығыстардың сипаты	Сыбайлас жемқорлықтың негізгі нысандары	Әскери тиімділікке ықпалы

Ежелгі дәуір (б.з.д. III–I мыңжылдықтар — б.з. V ғ.)	Жергілікті соғыстар, мемлекеттіліктің қалыптасуы	шенеуніктер мен қолбасшыларды сатып алу; салық жинау кезіндегі теріс пайдаланушылықтар; ресурстарды иемдену	армияны басқару деңгейінің төмендеуі; әлеуметтік тұрақсыздық
Орта ғасырлар (V–XV ғғ.)	Феодалдық соғыстар, крест жорықтары	гарнизондарды сатып алу; сатқындық; жабдықтау саласындағы теріс пайдаланушылықтар	қамалдардың шайқассыз құлауы; әскери жорықтар барысының өзгеруі
Жаңа заман (XVI–XIX ғғ.)	Ауқымды соғыстар, тұрақты армиялардың қалыптасуы	әскери лауазымдарды сату; жабдықтау жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық; келісімшарттар саласындағы теріс пайдаланушылықтар	армия кәсібилігінің төмендеуі; ресурстарды тиімсіз басқару
XX ғасырдың басы	Индустриялық соғыстар, жаппай жұмылдыру	әскери келісімшарттар құнын негізсіз өсіру; сапасыз өнім жеткізу; жымқыру	жауынгерлік қабілеттің төмендеуі; ресурстар тапшылығы
Екінші дүниежүзілік соғыс	Тоталдық соғыс, жаһандық қақтығыстар	қара нарық; саяси сатып алу; өнеркәсіптегі теріс пайдаланушылықтар; трофейлерді жымқыру	соғыс экономикасының әлсіреуі; жабдықтаудың біркелкі болмауы
Қырғи-қабақ соғыс кезеңі (жергілікті қақтығыстар)	Прокси-соғыстар, халықаралық көмек	көмекті жымқыру; қаруды заңсыз сату; басқару саласындағы сыбайлас жемқорлық	мемлекеттердің әлсіреуі; армия тиімділігінің төмендеуі

Ұсынылған кесте әскери саладағы сыбайлас жемқорлық практикаларының эволюциясын көрсетеді және олардың қарулы қақтығыстардың сипаты мен мемлекеттік институттардың даму деңгейіне тәуелділігін айқындайды. Әскери ұйымның күрделенуі және соғыстар ауқымының ұлғаюы барысында жекелеген теріс пайдалану нысандарынан институционалданған сыбайлас жемқорлық тетіктеріне көшу байқалады. Бұл сыбайлас жемқорлықтың жүйелі сипаты және оның ресурстарды жұмылдыру үдерістерімен, сондай-ақ әскери экономиканың дамуымен тығыз байланысы туралы тұжырымды растайды.

Сыбайлас жемқорлық практикаларының таралуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі – әскери басқарудың әртүрлі деңгейлері арасындағы ақпараттық асимметрия. Жоғары басшылық армияны жабдықтау жағдайы, жеке құрам саны және әскердің нақты қажеттіліктері туралы толық әрі шынайы ақпаратқа ие болмаған жағдайда, орта және төменгі буындағы лауазымды адамдар тарапынан теріс пайдаланушылықтар жасауға қолайлы жағдай қалыптасады. Бұл тетік бүкіл тарих бойында – антикалық армиялардан бастап XX ғасырдағы қарулы қақтығыстарға дейін – айқын байқалады.

Экономикалық фактордың да маңызы зор. Әскери қақтығыстар мемлекеттік шығыстардың күрт өсуімен қатар жүреді, бұл әскери салаға бағытталатын қаржы ағындарының ұлғаюына алып келеді. Алайда оларды пайдалануды бақылау тетіктері көп жағдайда жеткілікті дәрежеде тиімді болмай шығады. Соның нәтижесінде қаражаттың едәуір бөлігі бейресми арналар арқылы қайта бөлінетін «артық ресурстардың әскери экономикасы» деп аталатын құбылыс қалыптасады. Бұл құбылыс, әсіресе, дүниежүзілік соғыстар жылдарында айқын байқалды, өйткені қару-жарақ өндіруге және армияны жабдықтауға арналған мемлекеттік тапсырыстар сыбайлас жемқорлық сипаттағы теріс пайдаланушылықтарға кең мүмкіндік берді.

Әскери саладағы теріс пайдаланушылықтардың неғұрлым тұрақты нысандарының бірі болып табылатын «жабдықтау сыбайлас жемқорлығы» феноменіне ерекше назар аудару қажет. Армияны азық-түлікпен, қару-жарақпен және киім-кешекпен қамтамасыз ету жүйесіндегі бұзушылықтар барлық тарихи кезеңдерде тіркелген. Бұл ретте мұндай теріс пайдаланушылықтардың сипаты ұсақ жымқырудан бастап ауқымды қаржылық айла-шарғыларға дейін өзгеріп отырады. Ұзаққа созылған әскери жорықтар жағдайында мұндай практикалар жүйелі сипат алып, әскердің моральдық жай-күйі мен жауынгерлік қабілетіне елеулі ықпал етуі мүмкін.

Әскери элитаны сатып алу және командалық құрамның адалдығын қамтамасыз ету үшін материалдық ынталандыруларды пайдаланудан көрінетін саяси сыбайлас

жемқорлық факторы да кем емес маңызды болып табылады. Бұл тетік антикалық дәуірді, Жаңа заманды және XX ғасырды қоса алғанда, әртүрлі тарихи кезеңдерде кеңінен қолданылды. Саяси сатып алу билеуші режимдердің билігін нығайтуға мүмкіндік береді, алайда сонымен бірге кәсібилік қағидаттарының әлсіреуіне және әскери құрылымдардың институционалдық тұрақтылығының бұзылуына алып келеді.

*Қорытындылар.*Тарихи тәжірибе сыбайлас жемқорлық практикаларының жабдықтау мен басқару тиімділігін төмендетіп қана қоймай, әскери операциялардың нәтижесіне тікелей ықпал ете алатынын көрсетеді. Қолбасшыларды сатып алу, ақпараттың таралып кетуі, сапасыз қару-жарақ жеткізілуі және ресурстардың тиімсіз бөлінуі елеулі әскери әлеует болған жағдайда да жеңіліске әкелуі мүмкін.

Бұдан басқа, сыбайлас жемқорлық жеке құрамның моральдық-психологиялық жай-күйіне елеулі әсер етеді. Ресурстардың әділетсіз бөлінуі, әскери қызметшілердің жекелеген санаттарына берілетін артықшылықтар және қолбасшылық тарапынан жасалатын теріс пайдаланушылықтар әскери жүйеге деген сенімді әлсіретіп, тәртіп деңгейін төмендетеді. Ұзақ мерзімді перспективада бұл Қарулы Күштердің құлдырауына және олардың тиімділігінің төмендеуіне алып келуі мүмкін.

Жүргізілген зерттеу сыбайлас жемқорлықтың әлемдік тарихтың барлық кезеңдерінде Қарулы Күштердің дамуымен қатар жүретін тұрақты тарихи құбылыс екенін анықтауға мүмкіндік береді. Сыбайлас жемқорлық нысандарының эволюциясы мемлекеттік басқару мен әскери ұйым құрылымының күрделенуімен шартталады, бұл жергілікті сипаттағы теріс пайдаланушылықтардан жүйелі сыбайлас жемқорлық практикаларына көшуге алып келеді. Сыбайлас жемқорлықтың Қарулы Күштердің жауынгерлік қабілетіне елеулі ықпал ететіні және қарулы қақтығыстардың нәтижесін айқындай алатыны дәлелденді. Әскери іс-қимылдар ауқымы, ресурстарды жұмылдыру деңгейі мен сыбайлас жемқорлық практикаларының таралуы арасында өзара тәуелділік бар екені анықталды. Сыбайлас жемқорлықтың тарихи нысандарын жүйелеу оны мемлекеттік институттардың орнықтылығына және әскери басқарудың тиімділігіне ықпал ететін маңызды фактор ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Васильев Л. С. История Востока: в 2 т. М.: Высшая школа, 2003. — Т. 1. — 688 с.
2. История Средних веков / под ред. С.П. Карпова. — М.: МГУ, 2003. — 640 с.
3. Гиббон Э. История упадка и разрушения Римской империи. М.: АСТ, 2008. -1024 с.
4. Kaegi W. Byzantium and the Early Islamic Conquests. — Cambridge: Cambridge University Press, 1992. — 306 p.

5. Weatherford J. Genghis Khan and the Making of the Modern World. — New York: Crown Publishing, 2004. — 312 p.
6. Marshall P. The Making and Unmaking of Empires: Britain, India and America. — Oxford: Oxford University Press, 2005. — 408 p.
7. Керсновский А. А. История русской армии. — М.: Голос, 1994. — 640 с.
8. Уткин А. И. Первая мировая война. — М.: Алгоритм, 2001. — 592 с.
9. Малышева Е.М. Мировые войны и локальные конфликты. Майкоп, 2005. — 120 с.

REFERENCES:

1. Vasilev L. S. Istoriya Vostoka: v 2 t. M.: Vysshaya shkola, 2003. — T. 1. — 688 s.
2. Istoriya Srednikh vekov / pod red. S.P. Karpova. — M.: MGU, 2003. — 640 s.
3. Gibbon E. Istoriya upadka i razrusheniya Rimskoy imperii. M.: AST, 2008. -1024 s.
4. Kaegi W. Byzantium and the Early Islamic Conquests. — Cambridge: Cambridge University Press, 1992. — 306 p.
5. Weatherford J. Genghis Khan and the Making of the Modern World. — New York: Crown Publishing, 2004. — 312 p.
6. Marshall P. The Making and Unmaking of Empires: Britain, India and America. — Oxford: Oxford University Press, 2005. — 408 p.
7. Kersnovskiy A. A. Istoriya russkoy armii. — M.: Golos, 1994. — 640 s.
8. Utkin A. I. Pervaya mirovaya voyna. — M.: Algoritm, 2001. — 592 s.
9. Malysheva E.M. Mirovye voyny i lokalnye konflikty. Maykop, 2005. — 120 s.

Журнал 2011 жылдан шыға бастады Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы академиясының басылымы Бас редакторы полковник А.Қ. Тоқышев

Ғылыми-білім беру журналы «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы академиясының ХАБАРШЫСЫ» – «ВЕСТНИК Академии Национальной гвардии Республики Казахстан» Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпараттандыру комитетінде тіркелген, 28 қазан 2022 ж. № KZ73VPY00058079 куәлігі.

Журнал ҚР ҒжЖБМ ҒжЖБССҚК әскери іс және қауіпсіздік бойынша негізгі қорытындыларды жариялауға, ұсынған ғылыми басылым

(2023 жылғы 28 сәуірдегі № 188 бұйрығы)

Редакцияның мекен-жайы мен телефоны: 150009, Петропавл қаласы, Ж. Қизатов к., 6. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының академиясы.

Әскери-ғылыми орталығы Телефон: (8 7152) 50-78-88, Тел./факс: (8 7152) 50-74-83; E-mail: Vestnik@ang.edu.kz

Журнал жылына 4 рет шығарылады

Мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді

Журнал издается с 2011 года Издание Академии Национальной гвардии Республики Казахстан

Главный редактор полковник Токушев А.К.

Научно-образовательный журнал «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы академиясының ХАБАРШЫСЫ» – «ВЕСТНИК Академии Национальной гвардии Республики Казахстан» зарегистрирован в Комитете информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан, свидетельство № KZ73VPY00058079 от 28 октября 2022 г.

Журнал рекомендован КОКСНиВО МНиВО РК для публикации основных результатов по военному делу и безопасности (Приказ № 188 от 28 апреля 2023 года)

Адрес и телефон редакции: 150009, г. Петропавловск, ул. Ж. Кизатова, 6, Академия Национальной гвардии Республики Казахстан.

Военно-научный центр. Телефон: (8 7152) 50-78-88, Тел./факс: (8 7152) 50-74-83; E-mail: Vestnik@ang.edu.kz

Журнал выходит 4 раза в год

Мнения авторов не отражают точку зрения редакции

The magazine has been published since 2011. Publication of the Academy of the National Guard of the Republic of Kazakhstan Editor-in-chief Colonel Tokushev A.K.

The scientific and educational journal "Kazakhstan Republikasy Ultty Ultans akademiyasyny KHABARSHYSY" - "BULLETIN of the Academy of the National Guard of the Republic of Kazakhstan" is registered with the Information Committee of the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan, certificate No. KZ73VPY00058079 of October 28, 2022

The journal is recommended by KOKSNiVO MNiVO RK for the publication of the main results on military affairs and security (Order No. 188 of April 28, 2023)

Address and telephone number of the editorial office: 150009, Petropavlovsk, st. Zh. Kizatova, 6, Academy of the National Guard of the Republic of Kazakhstan.

Military Science Center. Telephone: (8 7152) 50-78-88, Tel./Fax: (8 7152) 50-74-83; E-mail: Vestnik@ang.edu.kz

The magazine is published 4 times a year

Authors' opinions do not reflect the opinion of the editors

Басуға 28.08.2026 ж. қол қойылды. Форматы 60х84/8
Офсет басылымы. Офсет қағазы. 34,8 есепті баспа табағы.
Таралымы 25 дана.

Баспахананың мекен-жайы: 150009, Петропавл қ., Ж. Кизатов к., 6,
Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы академиясы
Әскери-ғылыми орталығы

Подписано в печать 28.08.2026 г. Формат 60х84/8
Печать офсетная. Бумага офсетная. Уч.-изд. л. 34,8 п.л. Тираж 25 экз.

Адрес типографии: 150009, г. Петропавловск, ул. Ж. Кизатова, 6,
Академия Национальной гвардии Республики Казахстан
Военно-научный центр